

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген құстарды табиғаттан алу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 тамыз N 879

Сирек және құрып кету қаупі төнген құстар түрлерін қамауда ұстау, көбейту және өсіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу, олардан ұрпақ алу, сондай-ақ гендік қорын сақтау, кейіннен оларды тұрақты мекен ететін жерлеріне жібере отырып, резервтік таралымын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігі қалалық мәдениет басқармасының Қазақстан Республикасының Алматы бас мемлекеттік хайуанаттар паркіне (бұдан әрі - Хайуанаттар паркі) 2002-2003 жылдар ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жалпы саны 57 балапан құсты (ұшары) аулауға рұқсат берілсін, оның ішінде:

Ақмола облысында - 10 бас қоқиқаз, Алматы облысында - 8 бас қызғылт бірқазан, 20 бас қарабас өгіз шағала, 5 бас жалбағай, 10 бас қарабай, Шығыс Қазақстан облысында - 4 бас қара дегелек.

2. Хайуанаттар паркінің мұқтажы үшін 1-тармақта көрсетілген құстарды табиғи ортадан алу кезінде жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем мынадай мөлшерлерде белгіленсін, бір бас үшін теңгемен:

қоқиқаз - 1000;

қызғылт бірқазан - 1000;

жалбағай - 500;

қарабай - 500;

қарабас өгіз шағала - 500;

қара дегелек - 1000.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттің кірісіне жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемнің түсуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК